

2025 жылдың ағымдағы нәтижелері (бірінші жартыжылдық)

ИРН АР23486445 «Абай облысының әдеби-мәдени картасы және цифрлық интеграция (фольклордан бүгінге дейін)»

Күнтізбелік жоспардың сипаттамасы бар бөлімі	Іске асыру мерзімдері	Орындалған жұмыс/алынған нәтижелердің қысқаша сипаттамасы	Қолданылу мүмкіндігі туралы ақпарат
«Абай облысының фольклоры», «Абай облысының ақындары» антологиялық жинақ	Қаңтар – 15 қараша	2025 жылғы 24-27 ақпан аралығында ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қолжазба қорында жұмыс жасалды. Абай облысының фольклоры және ақын-жазушылары шығармашылығына қатысты зерттеу мақсатында кітапхана қорынан әдебиеттанулық зерттеудің салыстырмалы-жинақтау әдісіне қатысты теориялық материалдар қарастырылды. Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан «Бабалар сөзі» топтамасының батырлар жыры топтастырылға 20 томынан, тарихи жырлар жинақталған 13- томынан Абай облысына қатысты фольклорлық мұралар теріп, жазылды. Бұл бөлім бойынша жұмыстар жалғасады.	«Абай облысының фольклоры», «Абай облысының ақындары» антологиясы әзірленді, ішкі және сыртқы рецензенттерге ұсынылды. 2025 жылдың қазан айында жарық көреді.
Ғылыми зерттеу жұмыстары негізінде мақала жазу.	Қаңтар – 15 қараша	Ғылыми зерттеу жұмыстары негізінде жоба орындаушылары Ж.Ж. Аитова, Г.Т. Абикенова, К.Т. Тулебаевалардың авторлығымен «Қазақ прозасындағы Семей қаласының көрінісі» тақырыбындағы ғылыми мақала ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымда 1 мақала жарық көрді. Торайғыров университетінің хабаршысы. -2025. -№1. – 6-17 бб. DOI: https://doi.org/10.48081/CWMO3775 Мақалада қазақ әдебиетіндегі Семей қаласының	Ж.Ж. Аитова, Г.Т. Абикенова, К.Т. Тулебаева «Қазақ прозасындағы Семей қаласының көрінісі». Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы.-2025. -№1. – 6-17 бб. URL: https://vestnik-philological.tou.edu.kz/storage/journals/126.pdf DOI: https://doi.org/10.48081/CWMO3775

		бейнелену ерекшелігі қала табиғаты мен құрылымының прозалық шығармалардағы көрінісі жан-жақты талданады. Қазіргі таңда пәнаралық сипатта айқындалатын қала бейнесінің әдебиеттегі көрінісін зерттеу урбанизациялық үрдістің басты тақырыптарының біріне айналып отыр. Сол себепті де, қала бейнесін сол әдеби кеңістікте өмір сүретін кейіпкер психологиясымен бірлестікте қарастыру келелі мәселелер қатарынан табылады. Жоба орындаушылары Г.Т. Абикенова, К.Т.Тулебаева, Ж.Ж.Аитованың «Studying the works of Abay and Shakarim using a synergetic approach» тақырыбындағы ғылыми мақаласының қолжазба нұсқасы әзірленіп, «Ясауи Университетінің Хабаршысы» ғылыми журналына ұсынылды. Бұл бөлім бойынша жұмыстар жалғасады.	
--	--	---	--